

«Мемлекеттік аннуитеттік
компания» ӨСК» АҚ

MEMLEKETTIK
ANNUITETTIK KOMPANIA



ГОСУДАРСТВЕННАЯ
АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ

АО «КСЖ «Государственная
аннуитетная компания»



БЕКІТІЛГЕН

«Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы»

«өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ

Директорлар кеңесінің

2022 жылғы «10» тамыздағы №12 шешімі

**«Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы» өмірді сақтандыру
компаниясы» АҚ Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне
өзгерістер**

Ереже МАК 815

Басылым: төртінші

Нур-Султан қ., 2022 жыл

	«Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2022 жылғы «10» тамыз	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне өзгерістер	Ереже МАК 815	9 беттің 2 беті

1. «Мемлекеттік аннуитеттік сақтандыру компаниясы» өмірді сақтандыру жөніндегі акционерлік қоғамының Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне (бұдан әрі – Ереже), «Мемлекеттік аннуитеттік сақтандыру компаниясы» өмірді сақтандыру жөніндегі акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №55 шешімімен бекітілген, мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Ереженің бүкіл мәтіні бойынша «Андеррайтинг департаменті» деген сөздер «Андеррайтинг және қайта сақтандыру департаменті» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) Ереженің 1-бөлімінің 1.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1.2. Қоғамның Андеррайтинг кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) өз қызметінде осы Ережені, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №198 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын, Андеррайтинг саясатын (С МАК 005), «Мемлекеттік аннуитеттік сақтандыру компаниясы» АҚ Қайта сақтандыру саясатын (С МАК 002), Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдерін, Сақтандыру шарттарын жасасу кезінде андеррайтинг жүргізу жөніндегі нұсқаулықты (Н МАК 718), «Мемлекеттік аннуитеттік сақтандыру компаниясы» АҚ-да қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру қағидаларын (Е МАК 844), сондай-ақ Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.»;

3) Ереженің 2-бөлімінің 2.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2.1. Кеңес өз қызметін Қоғамда андеррайтингтік тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың барабар жүйесін қалыптастыру мақсатында жүзеге асырады.»;

4) Ереженің 3-бөлімінің 3.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.2. Кеңес төрағасы мен мүшелерінің функциялары:

1) Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген жауапкершілік лимиттері шегінде сақтандыру шартын жасасу туралы андеррайтингтік шешім қабылдау.

Андеррайтинг кеңесі деңгейінде сақтандыру (қайта сақтандыру) мәмілелері бойынша андеррайтингтік шешім қабылдау Басқармада алдын ала қаралуға жатады.

Директорлар кеңесі деңгейінде сақтандыру (қайта сақтандыру) мәмілелері бойынша андеррайтингтік шешім қабылдау Басқармада және Андеррайтинг кеңесінде алдын ала қаралуға жатады;

2) Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген жауапкершілік лимиттеріне сәйкес Директорлар кеңесі деңгейінде қаралуға жататын сақтандыру шартын

	«Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2022 жылғы «10» тамыз	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне өзгерістер	Ереже МАК 815	9 беттің 3 беті

жасасу мүмкіндігі туралы шешім қабылдау үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау.

Андеррайтинг кеңесінің Директорлар кеңесіне арналған ұсынымдары сақтандыруға қабылданатын объекті мен тәуекелдер бойынша сақтандыру тарифінің барабарлығын қамтамасыз етеді және сақтандыруға қабылданатын тәуекелдер бойынша сақтандыру өтемінің талаптарын айқындайды;

3) қабылданған тәуекелдерді барабар бағалаудың жүргізілуіне бақылауды жүзеге асыру;

4) сақтандыруға қабылданатын объекті мен тәуекелдер бойынша сақтандыру тарифінің барабарлығын қамтамасыз ету;

5) сақтандыруға қабылданатын тәуекелдер бойынша сақтандыру өтемінің талаптарын айқындау;

6) белгілі бір уақыт кезеңі ішінде жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша алынған нетто-сыйлықақылар мен жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері арасындағы оң айырманың ұлғаюын қамтамасыз ету (сақтандыру жағдайларының туындау ықтималдығы критерийлерін ескере отырып);

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына енгізілетін негізгі және қосымша талаптардың тізбесін айқындау;

8) кәсіби тәуекел сыныптары бойынша бөлінген экономикалық қызмет түрлерінің анықтамалығын қарау және бекіту;

9) қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін төмендететін түзету коэффициентінің шекті мөлшерін бекіту;

10) «МАК «ӨСК» АҚ Андеррайтинг саясатында көзделген жағдайларда қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың жекелеген шарты бойынша түзету коэффициентін қолдану туралы шешімді Қоғамның Андеррайтинг кеңесінде жеке тәртіппен қабылдау;

11) Қоғамның Директорлар кеңесіне кейіннен қарау және шешім қабылдау үшін ұсыну мақсатында Кеңес жұмысының нәтижелері туралы жылдық есепті алдын ала қарау;

12) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де мәселелерді қарау.»;

5) Ереженің 3-бөлімінің 3.4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.4. Кеңес төрағасы мен мүшелері мыналар үшін жауапты болады:

1) осы Ережеде белгіленген мақсаттар мен міндеттердің орындалуы;

2) Қоғамның андеррайтинг саясатын іске асыру;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында және осы Ережеде көзделген талаптардың тиісінше орындалмауы;

	«Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2022 жылғы «10» тамыз	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне өзгерістер	Ереже МАК 815	9 беттің 4 беті

4) қабылданған шешімдердің, оның ішінде Кеңес отырыстарында сақтандыру шартын жасасу туралы қабылданған андеррайтингтік шешімдердің салдары;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және нормативтік құқықтық актілерінде өзгеше негіздер мен мөлшер белгіленбеген жағдайда, олардың әрекеттері (әрекетсіздігі) салдарынан Қоғамға келтірілген залалдар;

6) Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген сақтандыру сыныптары (түрлері) бөлінісінде жекелеген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша жауапкершілік лимиттері шегінде Кеңес қабылдаған шешімдер, оның ішінде сақтандыру шартын жасасу туралы андеррайтингтік шешімдер;

7) қабылданған тәуекелдерді барабар бағалаудың жүргізілуіне бақылауды жүзеге асыру;

8) сақтандыруға қабылданатын объекті мен тәуекелдер бойынша сақтандыру тарифінің барабарлығын қамтамасыз ету;

9) сақтандыруға қабылданатын тәуекелдер бойынша сақтандыру өтемінің талаптарын айқындау;

10) белгілі бір уақыт кезеңі ішінде жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша алынған нетто-сыйлықақылар мен жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері арасындағы оң айырманың ұлғаюын қамтамасыз ету (сақтандыру жағдайларының туындау ықтималдығы критерийлерін ескере отырып);

11) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына енгізілетін негізгі және қосымша талаптардың тізбесін айқындау;

6) Ереженің 4-бөлімінің 4.2 және 4.3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4.2. Андеррайтингтік шешімде мыналар қамтылады:

- 1) қабылданған күні және оның нөмірі;
- 2) андеррайтингтік шешім қабылданған негіздегі ұсынымдар қамтылған қорытындының берілген күні және нөмірі;
- 3) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының түрі және талаптары;
- 4) сақтанушы туралы ақпарат;
- 5) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының қолданылу мерзімі;
- 6) сақтандыру сыныбына (сыныптарына) тиесілігі;
- 7) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасасу болжанатын сақтандыру агенті немесе сақтандыру брокері туралы ақпарат;
- 8) андеррайтингтік шешім қабылдаған тұлғалардың лауазымдары көрсетіле отырып, олардың қолдары.

4.3. Кеңестің шешімдері Кеңес отырысына қатысқан мүшелердің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады және жазбаша нысанда ресімделеді. Кеңес отырысын өткізуге арналған кворум Кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен екісін құрайды, бұл ретте Тәуекелдерді басқару қызметінің, Актуарлық есептеулер және талдау департаментінің, Андеррайтинг және қайта сақтандыру

	«Мемлекеттік аудиттік компаниясы» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2022 жылғы «10» тамыз	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне өзгерістер	Ереже МАК 815	9 беттің 5 беті

департаментінің басшыларының (қызметкерлерінің) міндетті түрде қатысуы қамтамасыз етілуге тиіс.»;

7) Ереженің 6-бөлімінің 6.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.2. Кеңес мынадай мүшелерден тұрады (Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін мүдделі құрылымдық бөлімшелердің, тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшенің қызметкерлері және басшы қызметкерлер):

- 1) Қоғам Басқармасының төрағасы;
- 2) Қоғам Басқармасының мүшелері;
- 3) Корпоративтік сатулар департаментіне, Өңірлік даму және клиенттік сервис департаментіне, Маркетинг және қоғаммен байланыс қызметіне, Актуарлық есептеулер және талдау департаментіне, Андеррайтинг және қайта сақтандыру департаментіне жетекшілік ететін лауазымды тұлғалар;
- 4) Андеррайтинг және қайта сақтандыру департаментінің директоры;
- 5) Заң департаментінің директоры;
- 6) Тәуекелдерді басқару қызметінің басшысы;
- 7) Актуарлық есептеулер және талдау департаментінің директоры;
- 8) Андеррайтинг және қайта сақтандыру департаментінің Қайта сақтандыру қызметінің басшысы.

Осы тармақта көрсетілген Қоғам қызметкерлері лауазымға тағайындалған күннен бастап (немесе лауазым Кеңес құрамына енгізілген күннен бастап) көрсетілген лауазымдардағы өкілеттіктері тоқтатылған күнге дейін Кеңес мүшелері болып табылады. Осы тармақта көрсетілген Қоғам қызметкерлері болмаған жағдайда, олардың міндеттерін лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес атқаратын тұлғалар Кеңес мүшелері болып табылады.».

2. Осы өзгерістер Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

 МЕМЛЕКЕТТІК АННУИТЕТТІК КОМПАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ	«Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2022 жылғы «10» тамыз	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кенесі туралы ережесіне өзгерістер	Ереже МАК 815	9 беттің 6 беті

Келісу кестесі

Көшірмесі	Коды	Басылым	Өзірлеу үшін жауапты	
	Ереже МАК 815	төртінші	А. Кененбаева	
			күні	қолы
			16.05.2022	ЭЦҚ

Норма тивтік мерзім	Келісуге келіп түскен күні	Т. А. Ә.	Келісу нәтижесі			
			Ескертулермен қайтарылды		Келісілді	
			күні	қолы	күні	қолы
3 күн	12.05.2022	Д. Касимова			12.05.2022	ЭЦҚ
3 күн	12.05.2022	А. Акажанов			13.05.2022	ЭЦҚ
3 күн	12.05.2022	Ж. Жумакова			12.05.2022	ЭЦҚ
3 күн	12.05.2022	Н. Куйкенов			12.05.2022	ЭЦҚ
3 күн	12.05.2022	Ж. Абуова			16.05.2022	ЭЦҚ
3 күн	12.05.2022	Д. Умиральева			12.05.2022	ЭЦҚ
3 күн	12.05.2022	Н. Әбіш			16.05.2022	ЭЦҚ
3 күн	12.05.2022	А. Шамшуалеева			13.05.2022	ЭЦҚ
3 күн	12.05.2022	И. Габдушева			12.05.2022	ЭЦҚ

 МЕМЛЕКЕТТІК АННУИТЕТТІК КОМПАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ	«Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2022 жылғы «10» тамыз	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне өзгерістер	Ереже МАК 815	9 беттің 7 беті

Исходящий номер: ДАиП-исх-75

Исходящая дата: 16.05.2022

Краткое содержание: Проект изменений в Положение об АС

Вид документа: Записка служебная

Лист согласования

Тип действия	Дата	ЭЦП	Замечания	ФИО	Должность	Организация
Согласовано	12.05.2022	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), КАСИМОВА ДИЛЯРА, АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "КОМПАНИЯ ПО СТРАХОВАНИЮ ЖИЗНИ "ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ", BIN050640002859	Без замечаний	Касимова Д.М.	Заместитель Председател я Правления	АО "КСЖ "ГAK"
Согласовано	13.05.2022	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), АКАЖАНОВ АЛЕМЖАН, АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "КОМПАНИЯ ПО СТРАХОВАНИЮ ЖИЗНИ "ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ", BIN050640002859	Без замечаний	Акажанов А.А.	Заместитель Председател я Правления	АО "КСЖ "ГAK"
Согласовано	12.05.2022	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), ЖУМАКОВА ЖАНАТ, АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "КОМПАНИЯ ПО СТРАХОВАНИЮ ЖИЗНИ "ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ", BIN050640002859	Без замечаний	Жумакова Ж.Б.	Управляющий директор	АО "КСЖ "ГAK"

 MEMLEKETTIK ANNUITETTIK KOMPANIYA ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ	«Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы» өмірді сақтаңдыру компаниясы» АҚ	Күні: 2022 жылғы «10» тамыз	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кенесі туралы ережесіне өзгерістер	Ереже МАК 815	9 беттің 8 беті

Согласовано	12.05.2022	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), КУЙКЕНОВ НУРЛАН, АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "КОМПАНИЯ ПО СТРАХОВАНИЮ ЖИЗНИ" "ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ", BIN050640002859	Без замечаний	Куйкенов Н.А.	Исполнитель ный директор	АО "КСЖ "ГAK"
Согласовано	16.05.2022	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), АБУОВА ЖАНАТ, АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "КОМПАНИЯ ПО СТРАХОВАНИЮ ЖИЗНИ" "ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ", BIN050640002859	Без замечаний	Абуова Ж.К.	Директор	АО "КСЖ "ГAK"
Согласовано	12.05.2022	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), УМИРАЛИЕВА ДИЛАРА, АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "КОМПАНИЯ ПО СТРАХОВАНИЮ ЖИЗНИ" "ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ", BIN050640002859	Без замечаний	Умиралиева Д.М.	Руководител ь	АО "КСЖ "ГAK"
Согласовано	16.05.2022	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), ӘБІШ НАЙЛЯ, АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "КОМПАНИЯ ПО СТРАХОВАНИЮ ЖИЗНИ" "ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ", BIN050640002859	Без замечаний	Әбіш Н.Б.	Руководител ь	АО "КСЖ "ГAK"

 MEMLEKETTIK ANNUITETLIK KOMPANIA ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ	«Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2022 жылғы «10» тамыз	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне өзгерістер	Ереже МАК 815	9 беттің 9 беті

Согласовано	13.05.2022	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), ШАМШУАЛЕЕВА АСЕЛЬ, АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "КОМПАНИЯ ПО СТРАХОВАНИЮ ЖИЗНИ "ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ", BIN050640002859	Без замечаний	Шамшуалеева А.Б.	Руководител ь Службы перестрахов ания	АО "КСЖ "ТАК"
Согласовано	12.05.2022	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), ГАБДУШЕВА ИНДИРА, АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "КОМПАНИЯ ПО СТРАХОВАНИЮ ЖИЗНИ "ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ", BIN050640002859	Без замечаний	Габдушева И.Б.	Руководител ь	АО "КСЖ "ТАК"
Подписано	16.05.2022	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), КЕНЕНБАЕВА АЙМАН, АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "КОМПАНИЯ ПО СТРАХОВАНИЮ ЖИЗНИ "ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ", BIN050640002859	Без замечаний	Кененбаева А.Ш.	Директор	АО "КСЖ "ТАК"
Зарегистрир овано	16.05.2022	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), КЕНЕНБАЕВА АЙМАН, АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "КОМПАНИЯ ПО СТРАХОВАНИЮ ЖИЗНИ "ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ", BIN050640002859	Без замечаний	Кененбаева А.Ш.	Директор	АО "КСЖ "ТАК"

Адресаты

Организация	ФИО - Должность	Вид резолюции	Исполнить до	Ожидает ответа	Примечание
АО "КСЖ "ТАК"	Амерходжаев Г.Т. - Председатель правления	Для рассмотрения	21.05.2022	-	